

11. Бабалар сөзі: «Жүз томдық». Т.25. – Астана: «Фолинат», 2005. – 408 б.
12. Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Шыңжаң, 1987. – 350 б.
13. Бихай С. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы, 2013. – 495 б.
14. Жолдыұлы Т. Таңдамалы шығармалары. Т.1. – Үрімші, 1995. – 156 б.

ӘОЖ 1751

## **Е.МЫРЗАХМЕТОВТЫҢ «КӨГАЛДАЙДЫҢ КӨКШАҚПАҒЫ» ПОВЕСІ: ТАҚЫРЫПТЫҚ-СЮЖЕТТІК ЖЕЛІСІ, КӨРКЕМДІК-ТАРИХИ СИПАТЫ**

**Садвакасова А.А.**

[Sadvakasova\\_aizhan\\_98@mail.ru](mailto:Sadvakasova_aizhan_98@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің II-курс магистранты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Кеменгер Қ.Р.

Көкшетау өңіріндегі тарихи тұлғалар жайлы зерттеу жүргізіп, еңбек жазған жазушылардың бірі - Е.Мырзахметов. Қаламгердің Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай туралы жазылған еңбектері баспасөз беттерінде жарық көріп, қазақ әдебиетінің тарихында маңызды орын алды.

Сондай еңбектердің бірі - Балуан Шолақ туралы 1984 жылы жазылған «Көгалдайдың көкшақпағы» повесі. Бұл повестте Балуан Шолақтың ел арасындағы атақ-даңқы, мінезі, тектілігі жан-жақты сипатталады. Повесть балуан өмірінің бір кезеңін ғана қамтиды. Шығармада спортшымен қатар совет үкіметінің большевигі Сабыр Шарипов туралы баяндалады. Бұл туынды 1917-1919 жылдар аралығындағы елде орын алған революциялық көтеріліс жайында хабар береді. Ел басына түскен қиындық, аумалы-төкпелі заман, адамдардың екіжүзділігі, елі үшін еңбек еткен ер - бұның бәрі повестте айтылатын негізгі мәселелер.

Шығарма Балуан Шолақтың алыстан келе жатқан екі салт аттыны көруімен басталады. Ол аңғарымпаздығымен екеуінің жүрісінде бір гәптің барын түсінеді. Жарты жолдан жаяу келген қайыршыны бірден таниды. Өз түрін барынша жасырмақ болып, қайыршы кейпінде келген Сабыр балуанға шынын айтуға жүрексініп, танымағандай кейіп танытады. Алайда бір көрген адамын ешқашан ұмытпайтын Балуан Шолақ қайыршының кейпінен Сабырды бірден таниды.

Повесть сюжеті екі жыл артқа шегініп, Балуан мен Сабырдың таныстығы жайында баяндайды. Оқиға Балуан Шолақтың 1917 ж. Көкшетау базарына келуімен басталады. Автор базардың балуан өміріндегі маңызына да тоқталуды жөн көреді. Балуан үшін кез келген базардың орны аса маңызды. Өйткені, Карон балуанды жеңіп, атақ-даңқың шығарып, атын жұртқа мәшһүр еткен күрес осы Көкшетау базарында өткен еді.

Жұрттың бәрі Балуанның ерлігіне, өнерпаздығына тәнті болып, жүрген жерін аңдып, әңгімесін тындауға құмар еді. Сондай бір жиында Сабыр Шарипов та өнерпазбен кездесуге бір өтінішпен келеді. Бәрін біліп жүретін өнерпаз Сабырды көрмегенімен де, атына сырттай қанық болды. Ол Сабырды оқыған, қазақ арасына сіңіп кеткен ноғай, Көкшетау большевиктері басшыларының бірі деп білген. Сабырдың батыр ағасына айтқан бұйымтайы - совдеп басшыларының ұйымдастырып жатқан жиналысына келіп қатысу. Бұл бұйымтайдың мағынасын өнерпаз бірден түсінді. Халық алып тұлғамен кездесу үшін кез келген жерге баруға дайын еді. Балуанға жасалған бұл ұсыныстың мәнісі де сол еді, өнерпазды шақыру арқылы жиынға көп халықты қатыстыру [1; 25].

Батыр аға осыдан кейін совдептің бір емес, бірнеше жиналысына қатысып, ел ішінде орын алған оқиғалармен таныс болып, большевиктердің атқарып жүрген жұмысына ризалығын

білдіреді. Бұл жиын оның көзін ашып, революциялық күрестің мәнін байыптады. Совдеп басшылары оны қатарға қосылуға да шақырды. Алайда Балуанға сырттай жасалған қастандық оны ойландырып тастады. Әрі елу үш жасқа келіп қалған батыр осы жасында қолына қару алып, көш бастауды кеш санады. Шын мәнінде оның тартыншақтауының басты себебі қастандықпен атылған оқтың денесінде қалып қоюы еді. Бұл оның сандықта аузы құлыптаулы жатқан үлкен сыры болатын. Оны бәйбішесінен басқа ешбір тірі жан білмейтін. Сол себепті Сабырдың ұсынысынан бас тартуға мәжбүр болады.

Революция жайлы көп нәрсеге көзін ашқан Сабырды Көкшетауға да қара өрт жаудың жеткенін естіген соң Балуан көп ойлады. Мұндай адамды батырдың танымауы мүмкін емес еді. Алайда бұған дейін Әлжан мен Сатыбайға барып, екеуінен де көңілі қалған Сабыр батыр ағасының алдында өзін танытуға қорықты. Әлжан мен Сатыбайдың бұрынғыдай дос емес, өзгеріп кеткенін көрген ол батырдың да өзгеріп қалуынан күдіктенді.

Қайыршы болып келген Сабырды ғаламат күштің иесі бірден таныса да, оның Сабыр Шарипов болып емес, жасырынып, қайыршы боп келгеніне ренжіп танымағандай кейіп танытты. Үлге келген қонақты төрге шығарып, аспен тойдырды да, күлімдеп отырған жүзі кенет өзгеріп кетті. Ол артық сөз сөйлемеді, қабағы қатулы еді. Бұны аңғарған Сабыр енді осы үйден кетіп қалып, қашпақшы болды, сырын айта алмады. Бірақ ғаламат күшімен ғана емес, ақылымен, аңғарымпаздығымен белгілі балуан бұны бірден біліп қойып, қашып бара жатқан Сабырдың алдынан шығып, тоқтатып алады. Сол мезетте бірден бар ашуын, өкпесін жайып салады. Балуан Шолақ Сабырдың Сабыр Шарипов болып емес, қайыршы болып келгеніне, батыр ағасына сенімсіздік танытқанына қатты ренжіді. Кейін қатесін түсінген Сабыр басынан өткерген бар қиындығын айтып өзінің Түркістан мен Ақмешітке жетіп, большевиктердің қатарына қосылу керектігін де айтады.

Қаламгер бұл повестті тарихи деректер негізінде нақты әрі шынайы жазуға тырысқан. 1918 жылы Батыс Сібір коммунистерінің бірінші съезінің болуы, онда Сабырдың Көкшетау большевиктері съезд делегатының бірі болып сайлануы баяндалады. Сонымен қатар шығармада Ақмоладан келген Жұмабай Нүркеұлы, Омбыдан келген Мұхаметқали Тәтімов пен Угар Жәнібеков сынды ерлердің аты аталады. Чехославак соғыс тұтқындарының бүлік салуы, ақгвардияшылардың ойран салуы баяндалады.

Шығарманың Көгалдайдың Көкшақпағы болып аталуында бір мән бар. Шығарманың осылай аталуы ел жадында сақталған бір аңызбен байланысты. Оны автор аспандағы түстік-шығыс аралығынан бір жұлдыз жарқ етіп шықты деп суреттейді. Оны Сабыр бірден Көгалдайдың көкшақпағы екенін таниды. Жалғыз жұлдыздың өзі алыс жер түбінен көрінген шырақ сияқты көгілжімдеу түспен жарқырап тұрады.

Аңыздың сюжеті бойынша ертеде Көгалдай атты бір жігіт болады. Өзі - елге жау жолатпаған батыр әрі мерген. Көгалдай елін өз күшімен аң аулап асырапты. Қашан жеткілікті аң ауламайынша, жаудың жоқтығына сенімді болмайынша ел қарасын көрмей, сыртта жалғыз жүреді. Сонда батырдың бір от тұтататын шақпағы бар. Ол шақпағы жел мен судан қорықпайды. Сол шақпақты жағып қойып еліне амандығын жеткізетін болған. Шақпақтың көгілдір жалыны жер түбінен тас қараңғы жерде де көрінеді. Батыр өмірінің соңында қасиетті шақпағын аспан күмбезінің иығына орнатып, елдің осыған қарап, тура жолдан адаспауын, асыл ерін ұмытпауын тілек етеді.

Сабыр осы жұлдызды көрген сайын Балуан Шолақты ойлайды. Өйткені ол Балуан Шолақты сол аңызда айтылған тас қараңғыда жарқырап тұратын жұлдызға ұқсатты. Балуан Шолақ та жарық жұлдыз сияқты халқына тура жолды нұсқап отыратын, әділдікті, адалдықты, шынайылықты жаны сүйетін азамат еді. Сабырдың өнерпазды сондай жарық жұлдызға ұқсатуы тегін емес еді.

Е.Мырзахметов спортшының өмірден озу себебі ретінде атылған оқтың батырдың кеудесінде қалып қойғанынан деп жазады. Кейінгі зерттеушілер батырдың өлімін әртүрлі жориды. Бірі Балуан Шолақтың соқырішегінің жарылып кетіп, бойына у тарағанын айтса, енді бірі оны атып өлтірді деген нұсқаны шығарады. Ал зерттеуші Б.Қойшыбай Балуанның өмірін зерттей келе, Е.Мырзахметовтың нұсқасын келтіріп, сол нұсқаны дұрыс көреді. Бұл нұсқаны Е.Мырзахметов естеліктерге сүйеніп, қорытындылайды. Балуанды ішінде қалып қойған оқтан қайтыс болғанын, әрі бұл жайында бәйбішесінен басқа ешкімнің білмегенін айтады. Ешкімнің білмеуінің сыры - ел ішінде Балуан Шолақ «қойдың құмалағындай қорғасынды көтере алмай жатып қалыпты» деген сөздің таралып кетуін қаламады, намыстанды.

Сабыр батыр ағасына совет үкіметі қайта оралған кезде қайтып келетінін айтып, қимай қоштасады. Бірақ Сабыр Шарипов асыға оралғанында, батыр ағасы о дүниелік боп аттанып кетті. Бір кездері кеудесіне тиген оқтың зардабы тиіп, 1919 жылы қайтыс болды.

Е.Мырзахметовтың «Көгалдайдың көкшақпағы» повесінде Балуанның тарихтан белгілі ғаламат күштің иесі ретінде әрі өнерпаз ретінде көрінеді. Бірі Көкшетау базарындағы оқиға арқылы көрсетілсе, өнерпаздығы Ақан сері мен Біржан салды үлгі етуі, өлеңдерін айтып, насихаттауынан байқалады. Повестте Нұрмағанбет ғаламат күштің иесі, өнерпаз ретінде ғана көрінбейді, сонымен қатар парасат пен ақыл иесі, аңғарымпаз, байқағыш, ел қамын ойлаушы бейне ретінде ашылады.

Е.Мырзахметовтың Балуан Шолақ жайлы жазған зерттеулері, повесі өте құнды. Өйткені бұл еңбектерінен оқырман Балуан Шолақ жайлы тараған ақпараттардың ақиқатын таба алады.

Балуан Шолақ жайлы сөз еткенде С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесі бірден еске түседі. С.Мұқановтың шығармасы көркемдігімен, Балуанның өмір кезеңдерін барынша толық қамтуымен құнды. Бұл повестте өнерпаздың өмірі, алғашқы күресі, Көкшетау базарындағы ерлігі, Ғалияны ұнатуы, абақтыға қамалуы, оқтың кесірінен қайтыс болуы жазылады.

Е.Мырзахметов пен С.Мұқановтың еңбектерін салыстырып қарайтын болсақ, шығармалардан бірнеше ұқсастықтар мен өзгешеліктерді көреміз. С.Мұқанов Балуан Шолақтың жиырма жасар кезінен бастап қайтыс болғанына дейінгі аралықты қамтыса, Е.Мырзахметов өнерпаз өмірінің соңғы кезеңдерін қамтиды. «Көгалдайдың Көкшақпағы» повесінде Нұрмағанбет өмірінің соңғы жылдары жайлы жазылса да, оған дейінгі өмірінде орын алған оқиғалар да естеліктер ретінде кірістірілген. С.Мұқановтың мақсаты - Нұрмағанбеттің өмірін, ақындығын, халық арасындағы беделін көрсету болса, Е.Мырзахметовтың шығарманы жазудағы мақсаты - палуанның өмірінде орын алған бір оқиғаны және оның қалай қайтыс болғандығын баяндау болды.

Балуанның қолының шолақтығы жөнінде әлі күнге дейін екіжақты пікір бар. Біреулер оны үсіріп алды десе, енді біреулер отқа күйдіріп алды дейді. Бұл сұраққа Балуан Шолақ өмірін зерттеушілер түрліше жауап береді. Зерттеушілердің бірі - Марат Әбиев оның қолын ошаққа салып күйдіріп алғанын жазады. Ал Е.Мырзахметовтың повесінде автор Сабырдың ойы арқылы балуанның саусақтарының қиқы-жиқы, тыртық болмағанына қарап, оны үсіп кеткенге шамалайтындығын жеткізеді. С.Мұқановтың шығармасында да Балуан Шолақтың қолының шолақтығына қатысты дерек келтіріледі. Шығармада Нұрмағанбет өзін таныстырғанда өлеңмен:

«Атандым Нұрмағанбет - Балуан Шолақ,  
Бір қолым үсіп кетіп болды молақ» [2; 4] – дейді.

Пікірлердің екіжақтылығының кесірінен өнерпаздың өзі шығарған өлеңіне өзгерістер енген. Бірде оның өлеңдерінде қолының үсіп кеткендігі жазылса, енді бірде «Оң қолым отқа күйіп, болдым олақ» делінген.

Кейінге зерттеушілер Е.Мырзахметовтың осы повесін оқи отырып, оның Балуан Шолақты көрген адамдардан сұрастырып жазғандығын айтып, өнерпаз қолының шынымен үсіп кеткенге шамалайды.

Е.Мырзахметов шығармада Балуан Шолақтың әйеліне ерекше тоқталады. Оны Сабырдың ойы арқылы көреміз. Сабыр осы үйге қайыршы боп келген кезде, Қаныкейдің күйеуін еш сөзсіз бірден түсіне қоятынын, бар қимылын баппен жасайтынына еріксіз сүсінеді. Сабыр балуанның әйелі Қаныкейді көріп, оның әрекеттеріне қарап, оны іштей Ғалиямен салыстырады. Оның бірден Ғалияны еске алуы жай емес еді. Өйткені Ғалия өнерпаздың ғашығы еді. Ел арасында екеуінің аты бірге аталады. Балуан мен Ғалия қымыз саудасы кезінде танысып, бірін-бірі ұнатып қалады. Бірақ Ғалияның атастырылып қойған жігіті болғандықтан, ел ішіндегі келіспеушіліктің кесірінен екі жас қосыла алмайды. Сондағы өнерпаздың шырқаған әндері «Ғалиябану», «Ғалия» болды.

Сабырдың Қаныкей мен Ғалияны салыстыруы осыдан еді. Ол Қаныкейдің әр істеген ісін көріп, бұны Ғалия қалай жасар еді, Ғалия екеуінің қайсысының өресі биік шығар еді деп те ойланады. Бірақ ол Қаныкейдің ақылдылығын, үй шаруасына икемділігін ұнатып, Балуанға одан артық жардың жоқ екенін мойындайды.

С.Мұқановтың шығармасында да Ғалияны көреміз. Мұнда Балуан мен Ғалияның махаббаты, оқиғасы толықтай ашылған. Шығарма соңында Балуан Ғалиямен қоштасып, Балқаштың қасына барып, өмірінің соңғы кездерін сол үйде өткізетіндігі жайында жазылады. Е.Мырзахметов шығармасында Балуан өмірінің тек соңғы кезеңдерін қамтығандықтан, оны әйелі Қаныкеймен бірге баяндайды. Бірақ арасында Сабырдың ойы арқылы оқырманға Ғалияның да оқиғасын еске түсіртіп отырады.

Алайда екі шығарма арасындағы айырмашылық - Нұрмағамбет пен Ғалияның қосылып, қосылмауында. С.Мұқанов екеуін қосылды, тек өмірінің соңғы жылдары Балуанның амандығы үшін бөлек тұрды деп жазса, Е.Мырзахметов повесінде екеуінің бір-бірін қатты ұнатқанымен, қосыла алмағандығы баяндалады. Алпауыт күш иесінің өмірін, шығармашылығын зерттеп жүрген зерттеушілердің пікіріне сенетін болсақ, Е.Мырзахметовтың жазғаны шындыққа жанасымды.

Балуан Шолақтың өмірден қай жылы өткеніне байланысты екі түрлі пікір бар. Бірі - 1916 жыл, екіншісі - 1919 жыл. «Балуан Шолақ» повесінде оны 1916 жылы Дәуқараның бұйрығымен атылып қайтыс болды делінген. «Көгалдайдың көкшақпағы» повесінде оған 1916 жылы қастандық жасалып, оқ атылғанын, сол оқтың ішінде қалып қойғандықтан 1919 жылы дүниеден озғаны баяндалады.

Жоғарыда келтірілген ақпараттарға қарап, Е.Мырзахметовтың Балуан Шолақ жайлы деректер жинап, шығармаға барынша нақты деректерді енгізуге тырысқанын байқаймыз. Нұрмағамбет Баймағамбетұлының өмірін зерттеуші ғалымдардың қорытындыларын оқи отырып, Е.Мырзахметовтың шығармасының барынша шынайы жазылғандығын көреміз. Бұл повесть Балуан туралы әлі шешілмеген екіжақтылықты бір жақты етуге, оқырманға барынша дұрыс ақпаратты беруге ұмтылатындығын аңғарамыз.

Е.Мырзахметовтың «Көгалдайдың көкшақпағы» повесі - көркемдігі жағынан да, тарихылығы жағынан да қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын туынды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мырзахметұлы Е. Көгалдайдың көкшақпағы. Көкшетау, 2008. - 416 б.
2. Мұқанов С. Балуан Шолақ. Алматы: «Өнер», 1980.

ӘОЖ 82.9(5Қаз)

#### **ТЫНЫШТЫҚБЕК ӘБДІКӘКІМҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ФУТУРИЗМНІҢ БЕЛГІЛЕРІ ( ФУТУРИСТІК «ЗАУМЬ»)**